

«Ақмола облысы білім басқармасының
Ерейментау ауданы бойынша білім бөлімі» ММ
басшысы Адиханов М.А.

**Ақмола облысы білім басқармасының Ерейментау ауданы бойынша білім бөлімі
«Бозтал ауылының ЖОББМ» КММ-і
1–4 сынып ата-аналарына арналған жиналыс
бойынша есеп 2025-2026 оқу жылы**

Тақырыбы: *«Бастауыш сынып оқушысының қауіпсіз жазы. Назар. Сенім.
Қамқорлық»*

Өткізілген күні: 28.05.2026

Өткізілген орны: № 6 кабинет тарих

Қатысушылар: 1–4 сынып оқушыларының ата-аналары

Қатысқан ата-аналар саны: 26

Жауапты маман: педагог-психологы Аскарова Мейрамгуль Жалеловна

Ұзақтығы: 60 минут

Жиналыстың мақсаты

Ата-аналарға бастауыш сынып оқушыларының жас ерекшеліктерін түсіндіру, жаз мезгіліндегі қауіптердің алдын алу жолдарын қарастыру және бала мен ата-ана арасындағы сенімді, қолдаушы қарым-қатынасты нығайту.

Жиналыс барысында қаралған мәселелер

1. Кіріспе бөлім

Педагог-психолог 6–10 жастағы балалар үшін жаз мезгілінің ерекшеліктеріне тоқталды. Жаз мезгілінде балалардың бақылаусыз көбірек уақыт өткізетіні, қауіп-қатерді толық бағалай алмайтыны және ересектердің қолдауы мен назарын ерекше қажет ететіні айтылды.

2. Жаз мезгіліндегі негізгі қауіптер

Ата-аналармен бірге балалар үшін кездесетін физикалық, әлеуметтік және эмоционалдық қауіптер талқыланды:

- судағы қауіптер;
- жол-көлік оқиғалары;
- самокат, велосипед жарақаттары;
- терезеден құлау қаупі;
- интернет пен гаджетке тәуелділік;
- бейтаныс адамдармен қарым-қатынас;
- ауладағы буллинг пен жанжалдар.

Психолог балалардың жас ерекшелігіне байланысты қауіптің салдарын толық түсіне алмайтынын түсіндірді.

3. Кейс-жағдайларды талдау

Жиналыс барысында өмірден алынған нақты мысалдар қарастырылды:

- суға бату жағдайлары;
- жолдағы қауіпсіздік;
- бейтаныс адамдардан қорғану;

- интернет қауіпсіздігі;
- эмоционалдық қауіпсіздік мәселелері.

Әр кейстен кейін ата-аналармен пікір алмасу жүргізіліп, қауіптің алдын алу жолдары ұсынылды.

4. Жас ерекшеліктері туралы шағын дәріс

Психолог 6–10 жастағы балалардың:

- эмоциялық тұрақсыздығы;
- импульсивті әрекеттері;
- құрдастар ықпалына тез берілуі;
- ересектердің мақұлдауына мұқтаждығы;
- қауіпсіздік сезіміне деген қажеттілігі туралы айтты.

Сонымен қатар бала үшін күн тәртібі, эмоционалдық байланыс және түсінікті ережелердің маңыздылығы түсіндірілді.

5. Интерактив бөлім

Ата-аналар «Алаңдататын белгі ме, әлде жас ерекшелігі ме?» атты тапсырмаға қатысты.

Талқылау барысында:

- баланың мінез-құлқындағы өзгерістер;
- гаджетке тәуелділік белгілері;
- эмоционалдық тұйықталу;
- қорқыныш пен мазасыздық белгілері қарастырылды.

Ата-аналар баланың ішкі күйін мінез-құлқы арқылы байқаудың маңызын түсінді.

6. Баламен қауіпсіз диалог құру жолдары

Психолог ата-аналарға балаға қолдау көрсететін сөздер мен тиімді қарым-қатынас тәсілдерін ұсынды:

- алдымен сезімді қабылдау;
- бағаламау және кінәламау;
- баланы тыңдай білу;
- бірге шешім іздеу;
- эмоционалдық қолдау көрсету.

7. Қорытынды бөлім

Жиналыс соңында ата-аналарға «Жаз алдындағы 5 келісім» ұсынылды. Сонымен қатар «Балаға хат» жаттығуы жүргізіліп, ата-аналар балаларына қолдау мен сенім білдіретін жылы сөздер жазды.

Қорытынды

Жиналыс барысында ата-аналарға балалардың жаз мезгіліндегі қауіпсіздігін қамтамасыз ету тек бақылаумен емес, сенімді қарым-қатынас, эмоционалдық қолдау және түсіністік арқылы жүзеге асатыны түсіндірілді.

Ата-аналар балалармен ашық сөйлесудің, қауіпсіздік ережелерін бірге талқылаудың және баланың эмоциялық жағдайына назар аударудың маңыздылығын атап өтті.


Ұсыныстар

Ата-аналарға:

- балалардың күн тәртібін сақтау;
- су, жол және интернет қауіпсіздігі ережелерін үнемі қайталау;
- гаджет қолдану уақытын бақылау;
- баламен күн сайын ашық әңгімелесу;
- эмоционалдық қолдау көрсету ұсынылды.




<https://www.instagram.com/p/DY3wS6Nt6XN/?igsh=MTd3YjF6NjN6ZWZ0MQ==>

«Ақмола облысы білім басқармасының Ерейментау ауданы бойынша
Білім бөлімі Бозтал ауылының ЖОББМ» КММ-нің
директоры:  Г.Т.Сергазинова



Орындаған: директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Кожаметова А.
Тел: 36-3-21



«Ақмола облысы білім басқармасының
Ерейментау ауданы бойынша білім бөлімі» ММ
басшысы Адиханов М.А.

**Ақмола облысы білім басқармасының Ерейментау ауданы бойынша білім бөлімі
«Бозтал ауылының ЖОББМ» КММ-і
5–9 сынып ата-аналарына арналған жиналыс бойынша есеп
2025-2026 оқу жылы**

Тақырыбы: *«Жасөспірім жазда. Сенім, қауіпсіздік және нақты қауіптер»*

Өткізілген күні: 28.05.2026жыл

Өткізілген орны: № 6 кабинет тарих

Қатысушылар: 5–9 сынып оқушыларының ата-аналары

Қатысқан ата-аналар саны: 35

Жауапты маман: педагог-психолог

Ұзақтығы: 60–70 минут

Жиналыстың мақсаты

Ата-аналарға жасөспірімдердің жаз мезгіліндегі психологиялық ерекшеліктерін түсіндіру, қауіп-қатерлерді дер кезінде байқауға көмектесу, сенімді қарым-қатынас орнатудың маңызын көрсету және эмоционалдық қауіпсіздік мәселелеріне назар аударту.

Жиналыс барысында қаралған мәселелер

1. Кіріспе бөлім

Педагог-психолог ата-аналармен сенімді атмосфера қалыптастырып, жасөспірімдердің сыртқы «бәрі жақсы» деген жауабының артында ішкі мазасыздық, жалғыздық, қысым немесе эмоционалдық қиындықтар жасырынуы мүмкін екеніне тоқталды.

Жиналыс барысында:

- жасөспіріммен байланысты жоғалтпау;
- алаңдатарлық белгілерді байқау;
- сенімді қарым-қатынас құру;
- жаз мезгіліндегі қауіптердің алдын алу жолдары талқыланды.

2. Жаз мезгіліндегі нақты қауіптер бойынша кейстер

Ата-аналармен бірге жасөспірімдер арасында жиі кездесетін қауіпті жағдайлар қарастырылды:

Су қауіпсіздігі

Қазақстандағы суға кету жағдайлары бойынша статистикалық мәліметтер ұсынылып, жасөспірімдердің өз мүмкіндіктерін асыра бағалайтыны және достар ықпалына тез берілетіні айтылды.

Самокаттар мен мопедтер

Жол-көлік жарақаттарының себептері:

- импульсивті әрекет;
- адреналинге ұмтылу;
- қауіптің салдарын толық түсінбеу екені талқыланды.

Интернеттегі қауіптер

Кибербуллинг, алаяқтық, қауіпті таныстықтар, «жеңіл табыс» ұсынатын күмәнді ұсыныстар туралы айтылды.

Ата-аналарға бақылаудан бұрын сенімді қарым-қатынас орнатудың маңызы түсіндірілді.

Эмоционалдық әл-ауқат

Жасөспірімдердің тұйықталуы, агрессиясы, интернетке тәуелділігі кейде ішкі күйзелістің белгісі болуы мүмкін екені атап өтілді.

3. «14 жасыңызды еске алыңыз» жаттығуы

Ата-аналар өздерінің жасөспірім шағын еске алып:

- сол кезеңдегі сезімдері;
- ересектерден естіген сөздері;
- қолдау жетіспеген сәттері туралы ой бөлісті.

Жаттығу ата-аналарға баланың ішкі әлемін тереңірек түсінуге мүмкіндік берді.

4. Шағын дәріс: «Жазда жасөспірімдерде не болады?»

Педагог-психолог жаз мезгілінде:

- бақылаудың азаюы;
- интернеттегі уақыттың артуы;
- құрдастар ықпалының күшеюі;
- эмоционалдық тұрақсыздықтың артуы туралы түсіндірді.

Сонымен қатар жасөспірімдердің дөрекілігі мен немқұрайлылығының артында:

- жалғыздық;
- мазасыздық;
- түсінбеушілік;
- қолдау қажеттілігі тұруы мүмкін екені айтылды.

5. Интерактив бөлім

«Қауіп сигналы ма, әлде жас ерекшелігінің қалыпты күйі ме?» атты интерактив барысында ата-аналар:

- мінез-құлықтағы өзгерістер;
- ұйқының бұзылуы;
- тұйықталу;
- интернетке шамадан тыс тәуелділік сияқты белгілерді талқылады.

Ата-аналар баланың эмоциялық жағдайын дер кезінде байқаудың маңыздылығын түсінді.

6. Қолдау көрсететін қарым-қатынас тәсілдері

Жиналыста жасөспірімді тұйықтыққа итермелейтін сөздер мен қолдау білдіретін сөздер салыстырылып қарастырылды.

Тиімді қарым-қатынас үшін:

- айыптамау;
- тыңдай білу;
- сабырлы сөйлесу;
- баланың сезімін мойындау;
- қысым жасамау қажеттігі айтылды.

7. «Жасөспірімге хат» жаттығуы

Ата-аналар балаларына арналған қысқа қолдау сөздерін жазды:

- «Мен әрқашан жаныңдамын»
- «Сен мен үшін маңыздысың»

- «Мен сені түсінуге тырысамын»

Жаттығу ата-аналардың балаға эмоционалдык жақындық көрсетуіне мүмкіндік берді.

Қорытынды

Жиналыс барысында ата-аналар жасөспірімдердің қауіпсіздігі тек бақылау арқылы емес, сенімге негізделген қарым-қатынас арқылы қалыптасатынын түсінді.

Ата-аналарға:

- баланың эмоционалдык жағдайына назар аудару;
- интернет қауіпсіздігін бақылау;
- сенімді диалог құру;
- жаз мезгілінде бос уақытты ұйымдастыру;
- балаға эмоционалдык қолдау көрсету ұсынылды.

Ұсыныстар

Ата-аналарға:

- баламен күнделікті ашық сөйлесу;
- айыптамай тыңдау;
- интернеттегі белсенділігін бақылау;
- достар ортасына қызығушылық таныту;
- жаз мезгіліндегі қауіпсіздік ережелерін бірге талқылау ұсынылды.



<https://www.instagram.com/p/DY3w7xQDf6O/?igsh=NWZwejhscmx4Z2lu>

«Ақмола облысы білім басқармасының Ерейментау ауданы бойынша
Білім бөлімі Бозтал ауылының ЖОББМ» КММ-нің
директоры:  Г.Т.Сергазинов



Орындаған: директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Кожаметова А
Тел: 36-3-2



«Ақмола облысы білім басқармасының
Ерейментау ауданы бойынша білім бөлімі» ММ
басшысы Адиханов М.А.

Ақмола облысы білім басқармасының Ерейментау ауданы бойынша білім бөлімі
«Бозтал ауылының ЖОББМ» КММ-і
10–11 сынып ата-аналарына арналған жиналыс бойынша есеп
2025-2026 оқу жылы

Тақырыбы:

«Болашаққа қадам: емтихан кезеңіндегі қолдау мен сенімділік»

Өткізілген күні: 28.05.2026

Өткізілген орны: № 6 кабинет тарих

Қатысушылар: 10–11 сынып оқушыларының ата-аналары

Қатысқан ата-аналар саны: 5

Жиналыстың мақсаты

Ата-аналарға жоғары сынып оқушыларының емтихан кезеңіндегі психоэмоционалдық ерекшеліктерін түсіндіру, жасөспірімдердің эмоционалдық жағдайындағы өзгерістерді дер кезінде байқау дағдыларын қалыптастыру және ата-аналық бақылаудан қолдаушы қарым-қатынасқа көшу арқылы психологиялық қауіпсіз орта қалыптастыру.

Жиналыс барысында қарастырылған мәселелер

Жиналыс барысында 10–11 сынып оқушыларының жас ерекшеліктеріне байланысты психологиялық ерекшеліктері, емтихан кезеңіндегі эмоционалдық жүктеме, ҰБТ-ға дайындық кезіндегі стресс факторлары, кәсіби бағдар мен болашаққа қатысты алаңдаушылық мәселелері талқыланды.

Ата-аналарға жоғары сынып оқушыларының:

- эмоционалдық тұрақсыздығы;
- мазасыздық деңгейінің жоғарылауы;
- шаршау, апатия, тұйықталу белгілері;
- әлеуметтік желілер мен цифрлық орта ықпалы;
- құрдастар қысымына бейімділігі;
- тәуекел мінез-құлықтарының себептері туралы түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

Сонымен қатар жаз мезгіліндегі негізгі қауіптер:

- алкоголь және психобелсенді заттар;
- цифрлық қауіптер мен интернет-алаяқтық;
- кибербуллинг;
- эмоционалдық дағдарыстар;
- түнгі серуендер мен қауіпсіздік мәселелері;
- психологиялық күйзеліс пен жалғыздық сезімі бойынша нақты кейстер талқыланды.

Практикалық бөлім

Жиналыс барысында ата-аналармен интерактивті тапсырмалар ұйымдастырылды:

- «Бұл — жас ерекшелігі ме, әлде дабыл белгісі ме?» практикалық талқылауы;
- жасөспіріммен сенімді диалог құру тәсілдері;
- қолдаушы және тұйықталуға итермелейтін сөздерді салыстыру;
- рефлексиялық жаттығулар.

Ата-аналар жасөспіріммен қарым-қатынаста:

- айыптау мен қысымды азайту;
- тыңдай білу;
- эмоциялық қолдау көрсету;
- сенімді байланыс орнату;
- қауіпсіз сөйлесу ортасын қалыптастырудың маңыздылығымен танысты.

Қорытынды


Жиналыс барысында ата-аналарға жоғары сынып оқушылары үшін емтихан кезеңінің психологиялық тұрғыдан күрделі екендігі түсіндірілді. Жасөспірімдердің сыртқы мінез-құлқының артында ішкі алаңдаушылық, қорқыныш және эмоционалдық шаршау болуы мүмкін екендігі айтылды.

Ата-аналарға баланың эмоционалдық жағдайына назар аудару, қолдаушы қарым-қатынас орнату, сенім атмосферасын сақтау және алаңдатушы белгілер байқалған жағдайда дер кезінде маман көмегіне жүгіну бойынша ұсыныстар берілді.

Жиналыс ата-аналардың белсенді қатысуымен өтіп, кері байланыс барысында тақырыптың өзектілігі мен практикалық маңыздылығы атап өтілді.



<https://www.instagram.com/p/DY3xo2Zt19p/?igsh=MTc5M3U3OW93NXo3Mw==>

«Ақмола облысы білім басқармасының Ерейментау ауданы бойынша
Білім бөлімі Бозтал ауылының ЖОББМ» КММ-нің
директоры:  Г.Т.Сергазинова



Орындаған: директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Кожаметова А.
Тел: 36-3-21